



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумағалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкуретоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифравизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

2021. № 1 (1). С. 11–16. <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-problemy-i-perspektivy-protssessa-tsifrovizatsii-audita>

14. Цифровые технологии государственного аудита // INESNET. <https://www.inesnet.ru/article/cifrovye-texnologii-gosudarstvennogo-audita/>

15. Влияние цифровизации на развитие аудита // АПНИ. <https://apni.ru/article/7774-vliyanie-tsifrovizatsii-na-razvitiye-audita>

16. Рахметова А., Урмедилдаева Г. Использование цифровых ресурсов в целях совершенствования системы внешнего государственного аудита: мировой опыт // МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ – ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ. 2024. № 4 (65). С. 208–219. <https://gov-audit.kz/index.php/ma/article/view/288>

17. Искусственный интеллект в бухгалтерском учете и аудите // W-Science.com. 2023. <https://w-science.com/ru/nauka/article/72072/view>

"ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП" ҰАК "АҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚАТЕЛЕР МЕН ЖОСЫҚСЫЗ ӘРЕКЕТТЕР: АУДИТОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫН ТАЛДАУ

Өмірзақ М.Е., Олжабаева А.М.

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: minuraumirzak2006@gmail.com

Андатпа: Бұл мақалада Қазақстанның ұлттық атом компаниясы – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қаржылық есептілігі мен қызметіндегі аудиторлық тәуекелдер, жосықсыз әрекеттер және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі талданады. Компанияның стратегиялық маңызына байланысты оның қаржылық есептілігінің ашықтығы мен халықаралық стандарттарға сәйкестігі ерекше назарда. Мақалада Халықаралық аудит стандарттары (ХАС 240, 250, 550) мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС 15) негізінде компанияда орын алуы мүмкін қаржылық бұрмаланулар, байланысты тараптармен мәмілелер, баға демпингі және уран экспортына қатысты тәуекелдер қарастырылады. Сондай-ақ, аудиторлық процедуралар мен ұстанымдар ұсынылып, компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жолдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде тиімді аудит пен ішкі бақылаудың «Қазатомөнеркәсіптің» тұрақты дамуына және инвесторлардың сенімін арттыруға ықпал ететіні анықталды.

Аннотация: В данной статье анализируются аудиторские риски, недобросовестные действия и эффективность систем внутреннего контроля в финансовой отчетности и деятельности Национальной атомной компании Казахстана - АО "НАК" Казатомпром ". В связи со стратегическим значением компании особое внимание уделяется прозрачности и соответствию ее финансовой отчетности международным стандартам. В статье рассматриваются финансовые искажения, сделки с связанными сторонами, ценовой демпинг и риски в отношении экспорта урана, которые могут иметь место в компании на

основе Международных стандартов аудита (МСА 240, 250, 550) и Международных стандартов финансовой отчетности (МСФО 15). Также предлагаются аудиторские процедуры и принципы, указываются пути совершенствования корпоративного управления в компании. В результате исследования установлено, что эффективный аудит и внутренний контроль способствуют устойчивому развитию «Казатомпрома» и повышению доверия инвесторов.

Annotation: This article analyzes audit risks, unfair practices and the effectiveness of internal control systems in the financial statements and activities of the National Atomic Company of Kazakhstan - NAC Kazatomprom JSC. Due to the strategic importance of the company, special attention is paid to transparency and compliance of its financial statements with international standards. The article considers financial misstatements, related party transactions, price dumping and risks in relation to uranium exports that may occur in the company based on International Standards on Auditing (ISA 240, 250, 550) and International Financial Reporting Standards (IFRS 15). Audit procedures and principles are also proposed, and ways to improve corporate governance in the company are indicated. As a result of the study, it is found that effective audit and internal control contribute to the sustainable development of Kazatomprom and increase investor confidence.

Кілт сөздер:

Қазатомөнеркәсіп, аудиторлық тәуекел, бақылау шаралары, қаржылық қателер, жосықсыз әрекеттер, корпоративтік басқару, сыбайлас жемқорлық, ішкі аудит, ХҚЕС

Қазақстанның ұлттық атом компаниясы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК "АҚ еліміздің атом энергетикасы мен уран өндірісі саласында стратегиялық маңызы бар кәсіпорын болып табылады. Компанияның қызметі экономиканың маңызды секторларының бірі ретінде елдің тұрақты дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Алайда, кез келген ірі корпорация сияқты, бұл компания да басқару мен қаржылық қызметтерде бірқатар қиындықтарға тап болады, оның ішінде қателер мен жосықсыз әрекеттер де кездеседі.

Бұл мәселелерді зерттеу аса маңызды, себебі компанияның қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер оның қаржылық тұрақтылығына, беделіне және тиімділігіне тікелей әсер етуі мүмкін. Олардың алдын алу үшін аудиторлық тәуекелдер мен ішкі бақылау шараларының тиімділігін бағалау қажет. Осы мақалада «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК "АҚ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер, аудиторлық тәуекелдер және бақылау шаралары талданады.

Жосықсыз іс-әрекеттердің анықтамасын нақтылау үшін Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңының 1-бабына сүйенуге болады. Бұл заңда жосықсыз іс-әрекеттердің тікелей анықтамасы берілмегенімен, аудиторлық қызметтің негізгі мақсаты – қаржылық есептіліктің шынайылығын тексеру және дұрыстығын растау. Осы мақсатқа жету үшін аудиторлар қаржылық есептіліктегі қасақана бұрмалануларды (жосықсыз іс-әрекеттерді) анықтауы керек. [1] Халықаралық аудит стандарттары (ХАС 240) бойынша қателер – қаржылық есептіліктегі алдын-ала ойластырылмаған

бұрмаланулар, ал жосықсыз іс-әрекеттер – қасақана жасалған әрекеттер ретінде сипатталады. [2] Сондықтан, біз жосықсыз іс-әрекеттерді қаржылық есептілікті бұрмалау немесе активтерді заңсыз пайдалану сияқты қасақана жасалған әрекеттер деп анықтаймыз. Бұл анықтама ХАС 240 халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ "АҚ – Қазақстанның уран өндіру, экспорттау және қайта өңдеу жөніндегі ұлттық операторы. Компания әлемдік уран нарығының едәуір үлесін қамтамасыз ете отырып, ядролық өнеркәсіпте стратегиялық рөл атқарады. Осыған байланысты қаржылық ашықтық, есептіліктің адалдығы және есептіліктің (ХҚЕС) және аудиттің (ХАС) халықаралық стандарттарына сәйкестігі аса маңызды. Алайда, компанияның қызметі қаржылық айла-шарғымен, ықтимал сыбайлас жемқорлық жағдайларымен, келісімшарттардың ашықтығы мен баға демпингімен байланысты бірқатар тәуекелдермен қатар жүреді. Соңғы жылдары «Қазатомөнеркәсіп» 2018 жылы IPO арқылы Лондон қор биржасына (LSE) және «Астана» халықаралық қаржы орталығының (AIX) биржасына шығып, халықаралық инвестициялық қоғамдастықтың назарын аударды. Бұл компанияның қаржылық есептілігінің ашықтығына қойылатын талаптарды арттырды. Сонымен қатар, тәуелсіз акционерлердің пайда болуы менеджментке қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсуін қамтамасыз ету мақсатында қосымша қысым жасауды талап етті.

ХАС 550 («Байланысты тараптар») сәйкес, аудитордың негізгі міндеттерінің бірі аффилиирленген тараптар арасындағы мәмілелер нәтижесінде қаржылық есептіліктегі бұрмалау тәуекелін бағалау болып табылады. Бұл жағдайда британдық Yellow Cake компаниясына уранды нарықтық бағадан төмен баға бойынша жеткізу мәмілесінің құнының әдейі төмендетілгенін айғақтауы мүмкін, бұл ХҚЕС 15 («Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім») түсімді тану қағидаттарын бұзуы мүмкін. [2]

ХАС 550 аффилиирленген мәмілелер нарықтық шарттарға сәйкес келуге және есептілікте ашылуға тиіс деп белгілейді. ХАС 550 2-тармағында байланысты тараптар арасындағы мәмілелер бәсекелестіктің және ашықтықтың болмауы мүмкіндігінен жоғары тәуекелдер туғызуы мүмкін екендігі көрсетілген. Осыған байланысты аудитор мына мәселелерді тексеруі керек:

- Yellow Cake мәмілесінің активтерді жасырын беру немесе нарықтық демпинг нысаны болып табылатынын анықтау.
- Келісімшарт шарттарын нарықтық шарттармен салыстыру және олардың нарықтық шарттарға сәйкес келетіндігін бағалау.

Имемо РАН (2023) деректері бойынша, Қазақстан 2017 жылы физикалық көлемі бойынша әлемдік уран экспортының 44%-ын және құндық көлемі бойынша 58%-ын қамтамасыз етті. Бұл «Қазатомөнеркәсіптің» саладағы үстемдігін және нарықтық бағаларды белгілеу мүмкіндігін білдіреді, бірақ компания сол уақытта нарықтық бағадан төмен баға ұсынып, демпингті қолданады.[3]

2018-2020 жылдар аралығында компания уран өндіру көлемін 20%-ға азайтты, бірақ қорларды пайдалану арқылы экспортты жалғастырды. Бұл өз

кезегінде компанияның түсімдері мен пайдалылығы туралы деректердің бұрмалануына әкелуі мүмкін. [4]



Ескертпе: автормен жасалған

ХҚЕС 15 сатудан түскен түсімді есепке алуды реттейді. Стандарттың 35-тармағына сәйкес, түсім ішкі уағдаластықтар негізінде емес, клиент алдындағы міндеттемелердің орындалуына қарай танылуы тиіс.

Егер компания уранды нарықтық құнынан төмен бағамен сатса, бұл мәмілені әділ бағалау қағидатын бұзуы мүмкін. Уран бағасының жасанды түрде төмендетілуі клиенттермен жасалған мәмілелердің "әділ құн бағасын" көрсету талабына сәйкес келмеуіне алып келуі мүмкін.

Аудиторлық процедуралар:

- Мәмілеге қатысты құжаттарды, оның ішінде келісімшарттарды, ішкі хат алмасуларды және баға белгілеуді мұқият зерттеу;
- Нарықтық салыстыру тестін жүргізу – уранның нақты нарықтық бағасын анықтау;
- Егер сәйкессіздік анықталса, деректердің бұрмалану тәуекелі туралы хабарлау және есептілікте тиісті түзетулер енгізу.

Аудиторлық ұстанымдар:

- Келісімшарттарды егжей-тегжейлі талдау және ықтимал бұзушылықтарды анықтау;
- Транзакциялар мен баға белгілеуді терең зерттеу;
- Тәуекелдер расталған жағдайда – қаржылық есептілікті түзетуді талап ету.

Нәтижесінде, ХАС 550 және ХҚЕС 15 стандарттарын қолдану аудиторларға ықтимал қаржылық манипуляцияларды анықтауға және компания

есептілігінде шетелдік сатып алушылармен жасалған мәмілелердің дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ХАС 240 аудитордың алаяқтық салдарынан қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмалану тәуекелдерін анықтауы және бағалауы қажет екенін белгілейді. "Қазатомөнеркәсіп" жағдайында, акционерлер тарапынан компания басшылығына қаржылық нәтижелерді жақсартуға бағытталған қысым жасалуы мүмкін, бұл өз кезегінде есептілік деректерін манипуляциялауға алып келеді. ХАС 240 компания басшыларының нарықтың күтілетін көрсеткіштеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қаржылық есептілікті саналы түрде өзгерту қаупін тудыратынын көрсетеді. [2]

Аудиторлық процедуралар:

- Басшылықтың қаржылық көрсеткіштерді жасанды түрде өсірмегенін бағалау;
- Бухгалтерлік түзетулерді, әсіресе есептілікті жариялау алдында мұқият тексеру;
- Қаржы ағындарында сәйкессіздіктердің болуын анықтау – бұл айла-шарғы әрекеттерінің белгісі болуы мүмкін.

Жария компания мәртебесіне ие бола отырып, "Қазатомөнеркәсіп" инвесторлар мен акционерлер алдындағы есептіліктің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Егер басшылық күтілетін пайда көрсеткіштеріне байланысты қысымға ұшыраса, қаржылық есептілікті бұрмалау ықтималдығы жоғарылайды. Қаржылық манипуляция халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) бұзылуына әкелуі және құқықтық жауапкершілікке тартылуға себеп болуы мүмкін.

Аудиторлық ұстанымдар:

- Жариялау алдындағы есептілік түзетулерін егжей-тегжейлі тексеру;
- Бухгалтерлік жазбаларды негізсіз манипуляцияларға сараптау;
- Қажет болған жағдайда, қаржылық көрсеткіштерді түзетуді талап ету.

Нәтижесінде, ХАС 240 стандартын пайдалану аудиторларға ықтимал қаржылық манипуляцияларды анықтауға және компанияның нақты қаржылық жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді. [5]

ХАС 250-ге сәйкес, аудитор заңнаманың қаржылық есептілікке әсерін ескеруге және жосықсыз әрекеттердің белгілерін анықтауға міндетті. "Қазатомөнеркәсіп" жағдайында қаржылық көрсеткіштермен айла-шарғы жасау "компания мүддесі" деген сылтаумен ақталуы мүмкін. ХАС 250 аудиторға есептіліктің заңнамалық талаптарға сәйкес келмеу тәуекелдерін талдау және ақпаратты әдейі бұрмалау белгілерін анықтау міндетін жүктейді.

Аудиторлық процедуралар:

- "Стратегиялық мүдделер" деген желеумен пайданы қасақана арттыру немесе шығындарды жасыру болмағанын тексеру;
- Инвесторларды тарту үшін жалған деректер пайдаланылғанын бағалау;
- Қаржылық манипуляцияларды ақтау әрекеттерін анықтау мақсатында менеджментпен сұхбат жүргізу.

Қаржылық манипуляция ҚР Қылмыстық кодексінің 218-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. ХАС 250 есептіліктегі сәйкессіздіктерді талдауды және бұзушылықтардың құқықтық салдарын бағалауды талап етеді.

Аудиторлық ұстанымдар:

- Жариялау алдындағы есептілік түзетулерін егжей-тегжейлі тексеру;
- Бухгалтерлік жазбаларды манипуляцияларға қатысты сараптау;
- Қаржылық есептілікте сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, тиісті түзетулер енгізу қажеттілігін қарастыру.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ қызметіндегі аудиторлық тәуекелдерді басқару үшін келесі шараларды күшейту қажет:

- Аффилиирленген мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қаржылық есептіліктің бұрмалануын болдырмау үшін ішкі бақылау жүйесін жетілдіру;
- Жария компания ретінде есептілікті халықаралық стандарттарға (ISA, IFRS) сәйкес жүргізу.

Тиімді аудит пен қатаң қаржылық қадағалау жүйесі компаниядағы жосықсыз әрекеттердің алдын алып, қаржылық тұрақтылық пен ашықтықты қамтамасыз етеді. Бұл шаралар корпоративтік басқару деңгейін көтеруге, тәуекелдерді азайтуға және инвесторлар мен мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға ықпал етеді. Аудиторлық есепті дайындау барысында халықаралық аудит стандарттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкестікті сақтау компанияның ұзақ мерзімді дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304>
- 2) <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/605125>
- 3) https://www.kazatomprom.kz/kz/media/view/finansovie_rezultati_ao_na_k_kazatomprom_zh_2023_god
- 4) https://forbes.kz/news/newsid_245931
- 5) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

**РАССМОТРЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА АУДИТА
ЭФФЕКТИВНОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ СОЦИАЛЬНОГО
ОБЕСПЕЧЕНИЯ В СФЕРЕ ПРОДУКТИВНОЙ ЗАНЯТОСТИ
КАЗАХСТАНА**

Сакенова Г.Б.

Магистрант 1 курса ОП «Государственный аудит»
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана,
Республика Казахстан

E-mail: sakenovaggg0123@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстандағы өнімді жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтік қамтамасыз ету саясатын іске асыру тиімділігін